

ЖОҚТАУ

Аяқ, қолым сырқырап, бүкіл денем салығып барады. Қабырғаларым қақырап, қос өкпемнен қыса бастады. Көзімнің оты жарқылдап, басым шытынай сынды. Есім ауып, бір сәт қара түнек басты да, дүние жарқ етіп қайта жанды. Таныс-бейтаныс, бітеу төрт қабырға. Сірә, кітап деп аталса керек, еденнен төбеге дейін сықай тірескен сөрелерге толтыра жиналған. Маған әлденендей қатысы бар. Яғни, менікі, маған тиесілі. Бірақ дәл қазір керегі жоқ. Бұрын керексігем. Не үшін екенін білмеймін. Енді қажетсіз. Бәрі қажетсіз. Қақ төбедегі алты құлақ жарық. Төрдегі, терезеге жалғас қабыргадағы, ұзыншақ, күндізгідей аппақ сәуле төгілген, тағы бір жарық көзі. Устінде әлденендей жабдықтар, ақ парашақ, түсініксіз тағы бірденелері бар, асты қуыс, төрт бұрышты, ұзыншақ текше. Иә, жазу столы аталады. Оның да маған қатысы болған. Енді бәрібір. Маған ештеңе де керек емес.

Керек. Алыста. Басқа бір әлемде. Немене? Тұманыта үйіріліп, есіме түсті. Менің өткенім. Кешегі, алдыңғы, арғы жылғы... емес. Жас шағым. Мүмкін, жас шағымнан да бұрынғы бұлдыр бір заман. Дәп солай.

Кенет, төрт аяқтап тұрғанымды андадым. Сондай ынғайлыш. Өзімді өте женіл сезінем. Бар қуатым бойымда. Көкірегімді әлденендей дегбірсіз куаныш билеп, осы тұрған болмысыма ризашылықпен үнсіз ыржып, бүктеле ширырып, секіріп-секіріп алдым. Шолақ құйрығым салқын танауымды қытықтайды. Төрт табаным бірдей қызып тұр. Кітап сөрелерінің шынысынан көрдім, серек құлағым тіп-тік, сойдиган, қатар-қатар азуым жарқ-жүрк етеді. Тұмсығым өткір, жаурыным құдіс, белім берік, сирағым сінірлі. Кеудем көріктей, мойным жуан, қатты, Арқам көксүр, бауырым ақшулан, балағым бозғылт, құйрығым қызығылттым реңді; тұла бойымды жапқан қалың, сояу түктерім құлпыра төгіліп тұр. Мен – қызыл шолақ Көк Бәрі. Жарым дүниенің кожасы! Айбындымын, күштімін. Сөз жоқ. Күмәнсіз.

Бірақ көнілімде түйткіл бар еді. Қорқыныш емес, күйік. Және қоңылтак жалғыздық. Қайтып келмес әлденені ансау. Не?

Кен дүниеге шығуым керек екен. Сыртқа. Содан соң...

Келер мезетте ығы-жығы көшеде тұрғанымды андадым. Шәлдіршүлдір сөйлескен, қарандаған кісілер. Маңдайы жарқыраған, көмейінен гүжілдеген әлдебір құбыжық көліктер. Қатар-қатар, қабат-қабат, биік үй, көз шағылған жарық. Қызылды, жасылды, күлгін, сарғыш, мың сан от, азынаған, гүілдеген ию-қиу дүние. Мен шамалап тұрмын. Алматы аталса керек бұл кент. Бірақ мен білген Алматы мұлде басқаша тәрізді еді.

Кенет өне бойым мұздап кетті. Біздің жұрт емес. Басқа нәсіл. Бөтен бір әлем. Бәлкім, мен жер асты патшалығына түсіп кеттім. Жоқ. Жер үсті сияқты. Аспанда – кетілген, сопақша, үлкен ай, сүле жұлдыздар. Көшे қиылдысынан арт жағыма қарап едім, жаңа көтерілген сарғылттым ай астында баяғы, жап-жас Алатаудың қарлы сілемдері сұлбаланады.

Куаныш кеттім. Алатау орнында. Жер бетінде тұр. Демек... Бағытымды түзеп алсам, көзеген жұрттыма жетем.

Жер үсті болса да, катері мол екен. Көнілімді қауіп жайлады. Тезірек кету керек мына таныс аймак, бейтаныс мекеннен. Құтты жұртты – ордалы ұлысыма жетуім керек.

Байтақ шаһардан қалай құтылғаным есімде жоқ. Тура терістік-шығысқа бет алыппын.

Самғап келем. Ұшып емес, гулеп. Жер бетімен. Төрт табаным кейде тиіп, кейде тимейді. Ілден ырғып өттім, бұрынғы ағысы жоқ, қалың қамысы, жыныс тоғайы мұлде жойылған. Жетісудан жортып өттім. Баяғы тізбек-тізбек тау, керілген дала. Несі жойылып, несі қалғанын түгендеуге мұрша келмеді. Ертістен қарғып өттім. Ежелгі екпініммен. Эйтпесе, ойбұу, жалдамасам да кешіп өтуге болатында таязыған, екі қабыргасы бірдей қусырылған. Алтайдың балағына іліндім. Орманы ойылған, өзендері ортайған...

Алатаудың етегінен түскеннен Алтайдың өріне жеткенше қаншама елді мекен ұшырасты. Сирек шамдары бұға шашырап, үйқы құшағында жатыр. Яғни, ел бар. Мен сыйрттай болса да сүйінбедім. Мүмкін, басқа ел. Күйінуге тағы да жол жоқ. Мүмкін, өзіміз. Иә, өзіміз. Мына бізді – жоғарыда Көк Аспан, төменде Қара Жер жарапанда, Тәнірінің алқауымен дүниеге келген, жауын жапырып, тәніректің төрт бұрышын билеген мына бізді ата жұрттан тықсырып, басқа бір нәсілдің келіп орнығуы мүмкін емес. Өзіміз. Өзгерсе де өз әuletіміз. Манағы, бөтен Алматы да. Осылай деп көніл делбедім.

Орманы ойсырап, өзен-суы тартылса да, Алтай – баяғы Алтын Так екен. Мұны мен Бес-Боғдага тақағанда анық аңдадым. Уа, Тәнірім! Сол қалпы! Өрлей шауып, барлыға жеттім бауырына. Кейбір тұста аз-маз шабдар тартып, бұйраланып жатқанымен, баяғы қар. Кеудемді куаныш кернеп, ұзыншақ, төрт қырлы Мұзтаудың басына бет бұрдым. Міне, ұшар биігі. Аяқ асты, шың үсті, таяу тәнірек түгел тап-таза – аппақ ай сәулесінде көгілдір күмістей жарқыраған, өрден ойға төгілген сірі қар. Аспанға астасқан биік шың басы, Тәнірінің көк-ала шатыры Асқар Алтайдың қақ төбесінде тұрмын. Сәл-пәл төмен, кең етекте – тетелес төрт сенгір. Найзадай шаншылып, көкке бағып, мұнартта нұрланып тұр. Бес-Боғда басына бес мүшелде бір рет – Ақ Азбан жылы шығып тұратын едім. Бөрі әuletіне қанат болған жылқы ғой. Биыл – мешін болса керек. Уақа емес. Қайда жүрсе де, қандай кепке түссе де, Бөрі ешқашан маймылға айналмайды.

Мен – Көк Бөрімін! Асыл Анам Алтай – өз орнында тұр. Енді не керек?!

Бетімді аппақ айға бұрып, аппақ қар үстіне шонқып отыра берे, болат тұмсығымды Көкке созып, өксіте толғап, қатарынан бес мәрте қайырып, аңырай ұлып алдым. Әлдененің өткенін, келмеске кеткенін кәміл сезінем, бірақ бар үмітім кесілмеген. Жоқтап емес, тілеп ұлыдым. Бес-Боғданың мұз сіреулері жаңғырығып, ай асты құнғреніп кетті. Әлдеқайда сатыр етіп тоң жарылып, сүйлдай күтірлеп, көшкін басталды. Тәуба! Менің зарлы

тілегім Көк Тәңірінің дәргейіне жетіпті. Құлағы ашық екен. Құдырет-күші қалпында екен. Тек... кейінгі ұрпағы бар мұратын байыптап айта алды ма? Айта алса, түгелімен қабыл қөрді ме? Айтты, қабыл қөрді. Өткенге сенім бүтінгі бұлдырға ұласып, қөңілім құпті тұрса да, үміт сәулесі себездеп, қөкірегіме құш құйылып, қап-қаранғы түнек басқан шығысқа қарай екпіндей ұмтылдым.

Ендігі жол – ылди еді. Елсіз емес сияқты. Бірақ түгендеуге мұрша жок. Межелі жерге түн аумай жетуім керек.

Құндік жерді кесе секіріп, айлық жерді алты аттап, ұшыртып келемін. Қарлы биіктегі кейін қалды. Орғыл-орғыл таулардан өттім, бұйра-бұлдыр белестен астым. Шағыл-барқан құмнан, жамырай шұбалған өзен, оймақтай үйірілген көлден кеттім. Селдір селеу, бәкене бетегелі қыратқа жеттім. Жүрісім байсал тартты. Бір қалышты шоқытып келем. Бәрі де таныс өңір. Бәрі де басқаша. Тау аласармаса да, су сарқылмаса да, көзге ілінер нысанның бәрі жұқарған, мен білетін нәрі мен өнінен айрылған.

Орманды таулар басталды. Теріскей беттері ғана түкті. Оның өзі ойдым-ойдым. Қайындары қиқы-жиқы, теректері қадау-қадау, қаптаған қарағай ғана. Оның өзі сымбатты, сұңғақ емес, мыж-тыж, мықыр, көріксіз. Бірақ осыған да тәуба айттым. Ойсыраса да, орны бар екен.

Алшақ, аулақ, әрбір тұста, іргесінде азғана мал үйедеген, оты жылтырай құмыққан, кішкентай, жайпақ киіз үйлер байқалады. Яғни, ел ауған, халық тозған, азайған. Соның өзі біздің әулет емес сияқты.

Ата-бабамның жұртын көріп марқайған қекіректегі құмәнді түйткіл алға аттаған сайын күшіне түсті. Бәлкім, шет аймақ; азғана ел орталыққа қарай үйисқан шығар деп көніл жұбатам. Эй, қайдам.

Міне! Ай астында жарқырап жатқан ақ өзен. Орхан! Екі өнірін жапқан қалың тогайдан түгелге жуық арылыпты. Кенересі кемісе де, ежелгі көркі қалпында, айдыны әсем, сүри сұлу. Бағзыдағы Ордалы жазыққа кіре берісте, өзеннің сол жақ қабагына азғана аялдадым. Шөптесін, түйетайлы жардан қиялай түсіп, ұнсіз ғана, сырғи ағып жатқан өзеннің қырышық, қоңыржай тасты жағасын жиектей басып, салқын суды жалдай тоқтадым. Өне бойым шымырап тұрып, етпеттей еңкейіп, баба сұымның дәмін таттым. Болмашы балдыр иісі бар, балдай тәтті, кіршіксіз таза су. Сол баяғы су. Тереніне бойламасам да, бауырыма жеткенше жалдап бардым. Аз-кем тыныс тауып, әлденені есіме түсіре алмай, әжептәуір тұрдым. Содан соң тепсек жағалауға шығып, дүр сілкініп, көк үстінде аунап-аунап алдым. Қалың шалғын емес, майда, тықыр құрақ. Сызы мол, шөбі жұтаң қоңыр топырақ. Баяғы топырақ. Иә. Қайда кетуші еді. Бұрынғы топырақ. Үн!.. Су – бұрынғы. Тау – бұрынғы. Таязыса да, тозса да өз орнында тұр. Ел... ел қайда?

Алыста, алда – үйме-жүйме, шашыранқы, қадау-қадау... әлденендей оттар көрінеді. Біздің жұртқа ұқсамайды. Аздығынан емес. Бітім-болмысынан. Міне, қазір мен жайпақ жағалауында айран-асыр болып отырган Орханның қос өнірі сыңсыған ел еді. Мына сол қабақ – көлдененең құнан шаптырым, ұзындығы екі көш жер – қаптаған киіз үй болатын. Иін тіресе, іргелей қонған неше мың ақ үй. Көшпелі қала. Көшпелі, сыңсыған,

қалың жүрттың қақ ортасында – қара жерге тамыр тартып, нық орнаған сәулетті шаһар – айбынды Түрік елінің астана байтағы – Орда-Балық! Мызыымас ұстын, мәңгілік ұйтқы!

“Жоғарыдан көк аспан құламаса, төмөннен қара жер айрылмаса, түрік жүрті, сенің айдыныңа кім шендеспек, еліңе кім қатер келтірмек?! Шыққан күн шапағымен жаралдың, күн сөнгенше жасайсың!”

Өзенді құлдаپ, орги шаптым. Манағы жайдак оттарды аттап өттім, кең жазыға, бір кездегі шалқар жазыға шықтым. Оң қанатта – сирек талды өзен. Сол қанатта – бағзыдағы бар ағашынан айрылған жалаңаш қырқалар. Табан астым – шаңы шыққан қоңыр күлгін топырақ. Баяғыда ақшаңқан киіз үйлер тігілген көкорайды, сірә, қайткенде де өнім бермейтін егін егу үшін, астын үстіне төңкере жыртқан. Енді егін де жоқ, шөп те жоқ. Сирек курай, ойдым-ойдым жусан ғана байқалады. Жайлап алға жылжыдым. Тағы да көкорай. Яғни, жапырылған көк шалғын емес, жыртылмаған, тықыр тепсек. Тегі, жауын аз, мал көп-ау деп ойладым. Бұл да жақсы. Малдың көбі. Бірақ ел жоқ еді. Қырқаны көбелей қонған бірлі-жарым киіз үйлер ғана байқалады. Сірә, шеткі қарауыл, тұнгі жасауылдар. Сірә, Орда-Балық жайылып өскен, қабаттаса кеңейіп, такау іргедегі ел түгел аулағырақ барып қонған. Міне, үнсіз ай жарығында алда, кең алқаптың қақ төсінде қарауыта созылған белен қорінеді. Қала ма, әлде кейіннен жапсырылған қосымша құрылыш, сыртқы белдеу ме...

Hyo-o, hy-ya-aa!!..

Белдеу емес, белес еken. Белес емес, үйінді еken. Ғаламат қала, айдынды, айбарлы қала, үш орам құрсауы бар, қорғанынан құс ұшып өте алмас, мұнарасы көкке таласқан, салтанаты ғаламнан асқан астана-байтақ, Түрік жүрттың ұйтқы-тірегі Орда-Балық кентінің қирап тозған үйіндісі еken!..

Міне, сыртқы ор. Түйе бойламас терең еді. Арқан жетпес жалпақ еді. Енді бар бедері тегістеліп, ешкі секіріп өтер ұзыншақ ойпанға айналған. Суы құрғаған ескі арықтан да жайдак.

Мынау – үш қабат қамалдың сыртқы қорғаны. Ентелей жеткен, тіке шапқан жауды қиялай ұратын, кесе ататын үшкіл бұрышты, ирек-ирек, аумағы ат шаптырым бекініс. Енді есек бойына да жетпейтін жал-жал үйіндіге айналыпты. Мен өзенді құлдай келген тұстік беттегі кең қақпаның – бір заманда Шын мен Үндіден, Иран мен Ұрымнан сән-салтанатымен саудыраған тізбек-тізбек керуен кіретін, ұлы қағанның мың сан әскері шеру тартып өтетін бас дарбазаның орны үңірейіп жатыр.

Жүргім қан жылап, ішке бойладым. Шағылған көзе, қираған құбыр, кетілген кірпіш сынықтарынан аяқ алып жүргісіз. Аттаған сайын өткен өмір, өшкен тірлік иісі шығады. Бірақ тітіреп тұрсам да, түгел көруім қажет еді.

Міне, екінші орам, яғни аралық қорған. Жалынсыз шоқ қызыуымен тастай шындалған, шаршылы, бозғыл кесектер сыналай өрілген мықты бекініс. Қоспақ қабырғалар тып-типыл, әскери мұнаралардың сорайған ұстындары ғана түр. Жұз қадам сайын бір өлі мұнара. Өлі мұнараның жарыла қираған, жел мен жауын мұжіген қаңқасы.

Алға... алға қарауға дәтім жетпейді. Бірақ амал қанша!..

Ұзыннан-ұзақ созылып, етпеттей жығылған айдаһардың жонындай дөңкіп, өліп жатыр... Құлаған, шөккен, шаң, топырақ басып, бар бедерінен айрылған орталық қамал!..

Тіке тас қабырғадан түйетайлы белеңге айналған, бірақ тозған үйігінің өзі екі-үш наиза бойындағы, тұл-тұлан, меніреу-мылқау қорғанның қыр арқасына еміне, ауыр өрмелеп, буыным қалтырап әрең шықтым.

Өлмеген жан шыдайды, шықпаған көз көреді.

Шыдадым, көрдім.

Жүйкем – тас, журегім – мұз.

Бүгінгі күнге жеткенде, бұрынғы күнімді қалай ұмыттайын. Кешегі емес. Бір жыл, он, жұз жыл емес. Мың жыл бұрынғы. Мың жылдан бұрынғы.

Корған, қорған емес, жал үйіндінің үстінде, салқын сәулелі ай астындағы ұлы қаланың өлік сұлбасына, өлік сұлбасының тозған жүқанасына қарап тұрмын.

Бірден көзіме шалынғаны – Кек Сарай. Еңсілі еді, сәулетті еді. Бозғыл қыштан қаланған, тоғыз қабатты ансағай мұнара кейіпті ересен ғимарат. Мен сән түзеп, салтанат құрған, Сары теңізден Ақ теңізге дейінгі, Інжү өзеннен Мұзды дарияға дейінгі жарым дүниені қамтыған ұлан-байтақ ұлысқа хүкім жүргізген Ұлы Қаған Ордасы – үгіле шөгіпті, соның өзінде биіктігі арқан бойы; түстік қанаты арса-арса, қалған ұш тарабы – мүжіле тозып, топырақ басқан тіпе-тік қия – түье өркеш, шошақ төбе. Өлі сарай. Айдынды, әсем тұлғасын қираған қаңқасы көмген алып қорым.

Мықшия тырмысып, құлаған, тозған, өлі сарайдың үстіне шықтым. Төрт тарап – бір кездегі ұлы қамал, байтақ шаһар – алақан аясында тұр.

Міне, жаңа ғана өзім асып өткен түстік қабырға. Жал белестің тіршілік нышаны жок. Тек ол да ұзыншақ үйіндіге айналған шығыс беттегі корғанмен қысыратын тұс дөңкіп, зорайып көрінеді. Бұл жерде таңдаулы әскер тұрағы, түпкі қамал ішіндегі берік бекініс – Төрткіл мұнара бар еді. Жоны құдірейіп, топырақ астында жатыр. Батыс қабырға да андағайлап көрінеді. Ишкі қамалдың қос қабат қақпасы осы арада болған. Тіркесе салынған, еселі екі қабырға, бірінен-біріне өтетін екі дарбаза. Ол да сайыпқыран әскер тұрағы қызыметін атқаратын Доғал мұнара шенберлене үйіліп қалыпты, ортасы ойыс, жиегі құдіс, бағзыдағы бар бедері анық андалады. Төрткіл мұнара сиякты, Доғал мұнара да орталық, негізгі қорғанның өзінің ішіндегі дербес қамал, алынбас бекініс еді. Алыныпты. Бүкіл байтақ кентпен бірге. Алынбаса, қирамас еді ғой... Міне, терістік бет. Қамалдың бұл тұсы, бергі жақ – сірә, аса соғып, тұра ұрған жел әсері, түйетайлы емес, тік, жалаңаш қабырғаның өзі. Өзі емес, құлаған, төмennен көтеріліп, жоғарыдан басылған, сөгіле тозған жүқанасы. Бір сәт өткен дәурен, күш-куат, сән-салтанат нышандарын тамашалай қарап тұрып, қайтадан көкірегім мұнға толды. Жұрты қираған, халқы тозған. Қала ішіндегі, бір кездегі тұрғын үйлердің қатар-қатар, тақта-тақта іргелерінің ғана сұлбасы көрінеді. Бәрінің үстін көде басып, жер болып кеткен. Ешқандай тіршілік белгісі жок.

Бар екен. Энеу бір үйіншек артында екі ешкі, үш-төрт қой көрінеді. Ешкі – күрең, қой – қара бас ақ. Біздің малға ұқсамайды. Сірә, осы өнірге кейіннен келіп қоныстанған әлдебір момын жүрттың бәсіресі. Күндіз өлі қала үстіне әкеп жайып жүрген малдан андаусыз бөлініп қалған. Енди менің иісімді сезіп, қашайын десе жер тар, ұйлыға үрейленіп тұр. Үрейленбекен – ала тай. Қорғанның арғы бетінен шыға келді. Топырақ белес үстіне. Самалға қеудесін тоса, құйрық, жалы төгіліп, желдең тұр. Шымыр, сергек. Құлағын қайшылап қарайды, бірақ қашатын тұрі жоқ.

Кенет, қанғырып тұрған басыма қисынсыз ой келді. Қисынсыз емес, әбес. Қара бас қойды тамақтасам ба екен, ала тайды жарсам ба екен. Қарным ашқаннан емес. Тәбет – атымен жоқ. Менің өлі жүртімның орнына құрбандыққа. Осыншама қатал Тәнірінің жолына.

Бірақ менің уақыттым тапшы. Басыма тұскен бақытсыздықты толық байыпта болғам жоқ. Асықпасам да, ауыр аяқ, жедел жүріспен, сыртқа шықтым. Астана жүртімның алып сүйегін – еркін заман өткерген, қызықты дәурен сүрген ата мекенімді, басынан құты көшкен, жермен-жексен болған қайран Орда-Балықты үш айналдым. “Елді халық едім – елім қане? Қағанды халық едім – қағаным қане?” – деп, көкірегім қарыс айрыла, зар тұттым. “Откен елімді қайдан табам? Өлген қағанымды қалай тірлітем? Кімге ісімді берем? Кімге құшімді берем? Ендігі тірлікте не мән бар?! Ендігі өмірдің қажеті қанша!..” – деп, бұл жалғаннан тұнілдім.

Кенет... сыртқы камал жиегінде, ай сәулесіне шағылысып, ағарандай шашылып жатқан кесек-кесек сұр тастарға көзім тұсті. Бірден андадым. Баяғы кіреберіс қақпа аузындағы алып ескерткіштің жұқанасы. Дәп солай. Дүңгена жат жүрт сындырып шаққан. Откендердегі ел иесі, жер иесінің бар таңбасын біржола өшіру ғана емес. Өлденендей қажетіне, сірә, жана құрылыс үшін, жарқалап бұзып, түгел тасып әкеткен. Мынау – іске жарамаған қалдығы. Иә. Кедір-бұдыр, үшбұрыш, доғал, әрқилы сынықтар. Бүтін беттері толған жазу. Әрине, көмескі – ойылған, кетілген, үзілген. Көлеңкелі жарықта ажырату мүмкін болмады. Тас та тозыпты.

Көп сынықтың қақ ортасында қеудесін керіп, еркін тұрған үлкен кесекке келдім. Тани кеттім. Көзіме оттай басылды. Ескерткіштің жоғарғы ұштығы. Бар бедерімен андағайлап тұр. Өшпес таңба, өлмес үран. Самұрық-Бөрі! Бірі – Батысқа, бірі – Шығысқа қарап айбат шеккен Қос Киенің сол жақ сыңары. Бір замандағы күш-қуат тепсініп тұр, айдын-салтанаты сол қалпында. Тұмсығы өткір, көзі қарақты, тұяғы серпімді. Жон арқасы мен бауыры тақталы берен. Қаржи ашылған аузында – дөңес шар, – аспандағы айды аламын деп тұр. Бірақ жалғыз, қарымы қысқа. Алдыңғы сирағы тобықтан сынған, артқы, бұлшықты жілік, шенгелді тұяғы ғана қалған, бедерлі сұр тас. Жансыз, қимылсыз. Сыңарынан айрылған, құты ауған жарты Кие.

Бір замандағы Қос Киенің аралық бауырындағы, төбесі үшкіл, беті жайпақ тақтаға ежелгі шырша жазумен бедерленген Дұғаның астыңғы бөлігі жоқ, он жақтағы бастауы және кетілген. Үңіле қарағанда: Көк, Тәнірі, Тұрік деген үш-ақ сөздің сұлбасын ажыраттым.

Көк – құлады, Тәнірі – тастап кетті, Тұріктің бағы қайтты.

Енді не қалды? Үйілген топырак, қираған тас қана.

Көкжиекті қаптай жауып, ұзыннан-ұзақ созылып жатқан Орда-Балықтың қираған өлігіне – ұлы қағанның Кек-Сарайының орнындағы шошайған үйік, оң қанаттағы Төрткіл мұнара, сол қанаттағы Доғал мұнараның дөңкіген төбешіктеріне – Ұлы Түрік астанасының адыра қалған жетім жұртына үңіле төніп, бұрынғы сән-салтанатқа таңырқамай, кейінгі мұсәпір-мүшкіл жағдайға жаңы ашымай, мың жыл бойы аспанның арғы жағынан селқос қарап тұрған жарық айға желкемді бере, Самұрық-Бөрінің сұр тасына иегімді сүйеп, ішім тартыла өксідім. Енді өлгеннен басқа не қалды дедім. Ендігі тірлік – азап дедім. Елім жоқ, жұрттым жетім, мен де кетейін дедім. Осы жерде. Осы қазір.

Откенімді жоқтап тұрмын деп ойладым. Бұгініммен қоштасып тұрмын деп байыптағым. Өкси ұлып, өкіре жылап тұрмын деп білдім. Бақсам... Дауыс жоқ екен. Ішім қабысып, тамағым қыр-қыр етеді. Үн шықпайды. Өз зарым, тым құрыса, өз құлағыма жетпей жатыр екен. Таң қалып үлгермедім. Кенет санада әлдебір жарықшақ пайда болды.

Зарлының зоры – сен емес, деген үн жеткендей құлағыма. Әуелгісі де, соңғысы да сен емес. Жоқтаған, сықтаған. Содан соң... бәрі де бастапқы қалпына келген. Кім? Жолды-тегін айттыпты. Жолды-тегін – Мениң өзім екем!

Тарықкан шақта, түнілген шақта, бар үміт үзілген шақта, жоғарыда Кек Тәнірі, төменде Жер-Су: “Уа, Түрік халқы жойылмасын!” – депті. “Ел болсын, кемеліне толсын, жасай берсін!” – депті. Құдыретті Тәнірі алқаған соң, қасиетті Жер-Су қолдаған соң, ата-бабам жаңа күш, қажымас қайрат тауып, қайтадан дур көтеріліпті.

Мен де жер шеті, ғұмыр өлшемі – мынау иен дала, құлаған қала емес, басқа бір мекен, басқа бір заман екенін бұлдыр түйсікпен андагандай едім. Откенімді қимасам да, көнбеске қылаж жоқ. Болашаққа үміт артсам да, берік сенім және жоқ. Әрі-сәрі теңселіп, әжептәуір отырдым. Ақыры... есіме түсті.

Атып тұрып, алға қарай аршындаі ұмтылдым.

Әкем Білге-қағанның басына, ағам Құл-тегіннің басына тәуап етуім керек екен. Медет сұрауым, күш алуым керек екен!

Орханнан жалдап өттім. Табан астым – салқын малта тас; баяу ағысты қоңыржай су – бауырымнан асып, қабыргама жетті. Аузымды айқара ашып, тұмсығыммен сүзе жүріп, құмарлана іштім. Бойым сергіп, кеудем көтеріліп қалды.

Өзеннің арғы бетіне өте салысымен тағы да көңілім құлазыды. Жыныс тоғай еді. Жұқанасы жоқ. Қалың қияқ еді. Сары қурай, қоңыр жусан ғана. Жер тозған. Ол – жер ғой, тауансыз топырак. Ал тас... мәнгі тас – мызғымауға тиіс. Әкем қаған орнатқан, батыр ағам Құл-тегіннің кешені. Арада үш-төрт жыл өтпей, өзім орнатқан, әкем Білге-қағаннның кешені. Есіме бұлдыр бір суреттер оратылды. Иә. Ел жаңаған. Бірақ өлмес өзегі бүтін еді. Арада қаншама заман – он жеті ата өткен соң қайыра көтерілген жұртта, жарым дүниені қайтадан дәргейіне келтірген жиһангер қаған тұсында, Киелі кешенің екеуі де өз орнында тұрған. Ұрпақтары мүнәжат

етіп, тәубага келіп, тілек тілеген. Дұғасы қабылданып, бар мұраты орындалған. Әлі де сол қалпында болуға тиіс. Бірақ... жүрегім қайғыда, көңілім күпті. Қалам – анау, үйілген топырақ. Халқым – қайда кеткені белгісіз, сірә, жер бетінде жоқ. Сонда...

Мөлдір Орханның осы тұстағы оң тармағы – құмісті кәрі жылға – Көкшіннің жағасына тоқтап, өрекпіген ентігімді бағыттым. Бауырымды сызға төсеп, етпеттей жатып, тағы да су іштім. Бәлкім, атау-көрем шығар... Дәл осы арада үзіліп кетсем жөн еді. Үзілмедім. Бойыма қайтадан там-тұмдап әл кіргендей. Төрт тағандай тұрып, суды салдырата, баяу жалдап, арғы жағаға шықтым. Тақыр тепсендегі тұрып, тұн түре қарадым. Киелі, егіз ғибадатхана, төнірегіндегі сән-сәулеттімен қоса аумақтанып, мәңгілік ай астында толықси мүлгіп, тай шаптырым жерде – мандай алдында тұрса керек еді. Жоқ. Екеуінің аралық шамасы – қарсы бетте биік шатырлы ақ там көрінеді. Қасында жапырайған киіз үй. Әлсіз жылтыраған оты бар, басқа тіршілік белгісі байқалмайды. Тек сол қанатта – қазықтай шаншылған әлдене қарауытады. Дәтімді бекітіп, еріксіз алға аттадым.

Әуелі – оң қанат. Білге-қаған әкемнің аруағына салынған киелі ғибадатхана. Биік барық төрінде – мәңгілік ғұмыр бейнесі тасбақа тұғырға орнатылған, атты кісінің ұсынған қолы жетпес, бітікті, әсем сынтас. Білге-қаған ескерткіші дегенінің осы. Төрт қырлы, жалпақ, биік ескерткіштің екі қанаты – қаптаған мұсін-тас, қой-тастар. Кең сарай, келісті қоршау.

Қоршau тұр екен. Бұрынғы – сырты терең орлы, тас қабырға емес, әр жерде бір қада қағылған, ілдалдалап тартылған сым. Осы арада болған... деген белгі тәрізді. Енді жоқ. Сынтас та, мұсін де, басқасы да. Киелі ғибадат орнының жұқанасы да қалмаған. Тек батыс жақ бұрышта жартылай топырақ көмген, ортасы ойық, ұлken, төрт қырлы құрбандық тасығана жатыр. Қалған жер – шаршылап, түгелге жуық қазылған. Жалпағынан қопарып, ақтарып-төнкеріп, қайта тегістепті. Сірә, қазына іздеген. Немесе басқа бірдене. Устіндегі барын, астынан тапқанын түгел тасып әкеткен. Неге, не үшін? Мен әудем жерде тұрған, екі кенере, түйетей шатырлы, ұлken темір қақпалы, биік ақ үйге қарадым. Сонда. Бәрін сонда тасып апарған. Қалған-құтқан жәдігерді түгел. Әлбette, барық бұдан көп бұрын құлаған, оның құрылымы тасы түгел қолды болғаны құмәнсіз еді. Мұсіндер де садаға. Тек бітікті сынтас аман болса иғі еді. Аман. Түйсігіммен сезіндім. Қираса да, сұлбасы бар. Тәуба айтасың ба, тарығасың ба?..

Білге-қаған-әкемнің жайы белгілі болды.

Енді Күл-тегін-бахадүр-ағамның киелі орнын көруім керек. Көріп тұрмын. Шамалап тұрмын. Нақтылау қажет еді.

Уа-а, бар екен! Түгел болмаса да, тұқылы. Өзі болмаса да, жұқанасы. Ең ұлken қуаныш – тасбақа тұғыры кеткен сынтас!..

Әуелі төнірегін мұқият айналып шықтым. Барықтың елесі де жоқ. Қатар-қатар тұрған еңселі мұсіндер мен әдемі қой-тастар, күзетші қабылан-тастар түгел ғайып. Әр жерде шашылған, ұлкенді-кішілі тұғыр-

тастардың түбіршегі, қыш құбыр сынықтары, бірді-екілі шаршы кірпіштер. Батыр ағамның өзінің айдынды мүсіні көрінбейді. Тек жанжүрегі, өсиет-өнеге, ерлік дастаны мәңгіге қашалып жазылған алып сынтасы ғана.

Қасиетті ғибадат кешенінің орталық, негізгі бөлігі биік темір шарбақпен қоршалған екен. Яғни, иесі бар, құзеті, қарауылы бар деген сөз. Яғни, әлдебір жаңа мекенге, алыс аймаққа ауған ел – ата жұртын ұмытпаған және ескіден қалған мұрасын қастерлеп отыр деген сөз. Бірақ мұның бәрі көңілге жұбаныш емес еді. Жалғыз ғана жұбаныш, жұбаныш емес, сүйініш әрі қайғы – қаған ұлы, қаған інісі, батыр ағамның киелі сынтасы.

Ерттеулі ат бойындағы темір шарбақтан асып түсіп, тұра өзіне келдім.

Жете бере, елжірей буыным босап, елбіреп, есім ауа толықсып, тәқаппар, асқақ, алып Көк Тасты құшақтай, шөкелеп отыра кеттім. Мың, мың жылға созылған, сән-салтанатқа толы ғұмырым, ерлік заманым, елдік мерейім – енді қайта айналмас даңқты тарихым... көкейімді тесіп, көз алдыннан түгел өтіп жатыр. Мәңгі болса да жансыз Көк Тасты құшақтап, өткенімді жоқтап отырмын. Еңсілі ел едім, қу топырағым ғана қалыпты. Қара ормандағы көп едім, жалғыз өзім ғана қалыптын. Күйреп, күніреніп отырмын. Бауырым езіліп, ішім өртеніп барады. Еріп, қорғасынға айналсам керек еді, күйіп, күлге айналсам керек еді. Откен тарихтың бар салмағын, жалған ғұмырдың барлық зарын көкірегімде түйіп, талықсыған, мен-зен, алмагайып халде қанша отырганымды білмеймін. Бәлкім, он үш ғасырға жуық – тұра бір мың екі жүз жетпіс үш жыл, бәлкім, қас қағым ғана сәт.

Көк Тастың бедері қайтадан күш берді, қайғым көтерілмесе де сейілді. “Аруақ!!..” – деп, ақыра түрегелдім. Ырғи секіріп, төрт қырлы сынтастың түйе бойынан биік, жоғарғы, доғал бұрышына ойып сыйылған таутеке таңбаны қос алақаныммен сипап өттім. Содан соң қасиетті бітіктің бар жазуын көкірегіме құйғым келгендей, құшақтай өбіп, қармалай сылап, он беті мен екі жақтауын түгел айналып-толғандым. Бар бітімі сақталғанмен, замана салған жаракаты көп екен. Сол жақ иығы опырыла сыншыпты. Он жақ етегі ойылып түсіпті. Бірақ бар киесі басында. Бар лепесі күшінде. Толқына шымырлап, төрт табанымнан өтіп, өне-бойымды жайлап барады. Бар қуатым, бар бақыттың қайтып оралған сияқты.

Бірақ одан не қайыр. Бұл қуатты кімге берем? Бұл бақытты кіммен бөлісем?

Қайтадан құлазып, қаған ұлы, қаған інісі, батыр ағамның қасиетті бітігі жазылған алып сынтастың түбіне бүкшип отыра кеттім. Бетімді бедерлі Көк Тасқа басып, тамырым тартылып, жүргегім сүйіп, тағы да қалғи бастадым. Біржола қалғуым керек. Мәңгілік үйқы. Осы Көк Тастың түбінде өлуім керек еді. Откен он үш ғасырдың бар салмағын арқалап, сонау Алатаудан шығып, Алтайдан асып, Ұлы Дала – ежелгі құт мекеніме өлу үшін келген екем. Аруақ! Әкет мені де өзіңмен бірге! Мына қорлыққа, мына құлдық өмірге, мың жылдық зарлы, жалқы тірлікке бұдан ары шыдай алмаймын! Құтқар, бір басыма түскен, жүз ат көтере алмас

азаптан! Сен – бар мұратыңа жетіп кеттің. Мәңгі азатсың. Мен – бір мұратыма жетпедім. Заманым зұлым, өрісім тар болды. Бірақ бар қаруымды төрт тараңқа бірдей сермел өттім. Міне, қартаймасам да қажыдым. Маған өкпен жок. Тыным бер енді. Құшағынды аш, қойныңа ал!..

Көк Тас селт етпеді. Ызбарлы, салқын. Манағы бар жылуын бойына жиып алған. Мені хош көрмей тұр. Откеніме толық риза емес. Неге менің өзімдей болмадың дейді. О-оо!.. Сенің заманың да, талайың мен тұрпатың да өзгеше еді. Сен – арыстан едің. Арыстан ғұмыр кештің, алыштармен айқасып, арыстан өлімімен кеттің. Біз... кім болсақ та, бақа-шаянмен алыстық, тышқаншылап өттік. Енді ит өлімімен өлу ғана қалды. Ал мені! Рақым ет!..

Көк Тас мызғымады. Алыстай түсті, еңселене түсті. Сәт сайын биіктей берді, терендей берді. Келер мезетте басы бұлтқа жеткен құзар жартасқа айналды. Бетін көленке тартып, мұндана томсарып қалды. Ойлап тұрсам, дәл бүгінгі күні ол да жалғыз екен. Бәрі де Тәңірінің ісі.

Уа, құдыретті Тәңірім! Өзің жараттың, өзің алқадың. Өзің күш-қуатқа жеткіздің. Ол дәурен – мың, екі, үш мың жыл, қашама ғасыр – көрген түстей өтті, кетті. Енді басқа бір заман келді. Еліңнің жағдайы анау. Еріңнің жағдайы мынау. Алқамасаң да аясаншы! Бұдан әрі шыдай алмаймын мынау қу тірлікке! Көк Бәрі болып туып едім, барақ ит кебінде жүргім келмейді. Қайтар бұрынғы күнімді. Эйтпесе, дәл осы арада, түнектен шығып, тірліктен опа таппаған жүрегімді жүлшып алып, Көкке ат! Аталарымның қасына жетейін. Мәңгілік тыным табайын! – дедім.

Кенет қара аспан қақ айрыла күн күркіреді. Құтірлең, шатырлап найзағай ойнады. Жарқылдай созылып жай түсті. Селдете бұрқырап нөсер төкті. Көк Тәңірі күміс қамшысын үйіріп, айбаттана ақырған сайын, көгілдір жалқын, аспан текті жарықта үнсіз томсарған Таңбалы Жартас асқақтай түседі, кеудесін кере, мәңгілік Көкке бағып, өзінің де ерекше бітіс, асыл қасиетін айғақтай түседі. Мен – мәңгілік ғұмыр, Мен – мәңгілік рух, Мен – мәңгілік тарих дейді, Көктегі дабылға жаңғырыға үн қосып. Өз басымдағы алмағайып кеп, ауыр ахуалды ұмытып, мен де Тәңіріге бақтым. Көк Тасқа телміріп, ет-жүрегім езіліп, өне бойым от оранып, шатырлаған найзағай, бұрқыраған жауын астында, үнсіз, тілсіз отырып қалыптын.

Көк Тәңірі хақ құдыретін – күш-қуаты мен рақымын, ашу-наласы мен ақыл-парасатын... өзінің бар екенін, бәрін де көріп, байқап, бағдарлап отырганын әйгілеген соң, жауын басылды, бұлт сейілді, ауа тұнып, айдың жүзі жарқырай ашылды.

Тағы да екеуден-екеу, онаша қалдық. Көк Тас және Мен – Көк Бәрі.

Көк Тасқа бажайлап қарасам, мана аспан айрылып, найзағай ойнап, топан төгілгенде мызғымаған, қайраттана, қатая түскен Қаған ұлы, Қаған інісі, Батыр ағамның әрбір бедерлі таңбасынан тамшылап жас ағып тұр екен.

Ал Көк Бәрі жылай алмайды. Көзімде жас жок. Бірақ жүрегім қан жылап тұр еді.

Екеуіміз де үнсіз қалдық.

Жоғарыда Қара Аспан, төменде Қоңыр Жер. Екі ортасында Көк Тас пен Көк Бөрі...

... Бір мәурітте ес жиып, тұл бойыма қарасам, өзімнің жұмыс кабинетімде, қаптай жайылған қызыл кілемнің төрінде, көк-ала құрақ көрпе үстінде, иығымда оқалы, жеңіл шапан, малдас құрған қалпы, шоқып отыр екем. Үш қабырға – кітап толы сөрелер, төбеде – алты құлақ кәрлен люстра, төр жақ – тұтас терезе... Жеңіл перделі терезе сыртынан жарқ-жүрк еткен найзағай жарығы андалады, созыла күтірлеген күн күркірі естіледі. Мен тапжылмай, сол орында тағы біраз отырдым. Жауын басылды. Найзағай тынды. Сірә, тұн ортасы ауған. Бәлкім, таң да тақау. Жоқ. Тұнек тұннің тұнғиық түбі. Төңірек тып-тыныш. Әрекет-қимылсыз, меніреу, өлі тыныштық.

Кенет... басым – кеуек, кеудем – қуыс екенін андадым. Ештеңе жоқ. Өткен елмен бірге кеткен.

Көк Тас алыста. Көк Бөрі... өлген. Бүгінгі әлсіз ұрпағы – мен екем.

Жалған заман, жат жүрттағы жалғыз мұңдық.

Бәлкім... алау от болып тұтанбаса да, әлсіз шырағдан – тұнек түбінде жылтыраған шоқ, жетім сәүле болып тұрсын деп, арнайы жіберген шығар...

Ол да өткен дәурен.

Енді... мұндағы халық... менсіз де тіршілік жасайды.

Өзімді осылай деп алдарқаттым.

Содан соң... онсыз да зая кетіп жатқан өмір, еріне тұрып, жазу столыма келіп отырдым да, кезекті шығармаға кірістім. Әдепкі бір әңгіме. Жаңағана басымнан кешкен жағдайды мәңгілік тас емес, баянсыз ақ қағаз бетіне таңбалап, уайым-шерімді тарқатам. Екі-үш күндік алданыш. Азапты қуаныш. Сұрқай тірлікке демесін...

Міне, жазып біттім. Ойдағы межеге жетпесе де, жобага келеді.

Бірақ іштегі қайғы тарқамады. Керісінше, қалындаі түскендей. Арылмайды, айықпайды.

Енді, амал жоқ, келесі хикаяға кірісу керек.

2004.